



ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС/2

Органикалық егіншілік –
уақыт талабы



СҰХБАТ/3

«Дәрігер еңбегі өз
дәрежесінде бағалану керек»



НАЗАР/4

Демалыстың құны қанша?



Сыр бойы 90 жыл



№98
(19776)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады 4 шілде /БЕЙСЕНБІ/ 2019 жыл

■ ПРЕЗИДЕНТ

**Сенат жұмысы
сараланды**

Мемлекет басшысы Парламент Сенатының Төрағасы Дарига Назарбаеваны қабылдады.

Қазақстан Президентіне Парламенттің жоғарғы палатасының қазіргі жұмыстары және сайлауалды тұғырнаманы заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, соның ішінде азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуге қатысты жоспарлары туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев мал ұрлығы, есірткі таратқаны, әсіресе интернет арқылы таратқаны үшін жазаны қатаңдату қажеттігін айтты. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы қол астындағы қызметкерлердің жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылығы үшін мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының жауапкершілігін заңнамалық нормаға енгізудің маңызды екенін атап өтті.

Бозымбаевты қабылдады

Қазақстан Президентіне ОИЭК кездесуінің қорытындылары және Мұнай өндірісін шектеу туралы келісімге қол қойған ұйымға кірмейтін мұнай өндіруші елдер жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына Қазақстанның Мұнай өндіруші елдердің ынтымақтастық хартиясына алдын ала қол қойғаны және мұнай өндіруші елдердегі жағдай, Теніз кен орнындағы қазіргі ахуал, шетелдік компаниялармен жұмыс жөнінде баяндалды.

Серіктестік серпіні

Қазақстан Президенті Citigroup банкінің үкіметтер мен мемлекеттік сектор жөніндегі жаһандық блогының басшысы Джули Монакомен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ЕХРО-2017 көрмесіне және АХҚО басқару жөніндегі кеңестің жұмысына белсенді қатысқаны үшін Citigroup басшылығына ризашылық білдірді.

– Біз еліміздің орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз етуді қалаймыз және экономиканы әртарапандырып жатырмыз. Бұл оңай міндет емес. Оның барлық қиындығын түсінеміз. Citigroup компаниясымен осы бағыттағы тығыз ынтымақтастығымызды жалғастыра бергіміз келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Джули Монако Қасым-Жомарт Тоқаевты Президент лауазымына сайлануымен құттықтап, Қазақстан Citigroup компаниясының маңызды серіктесі екенін атап өтті.

■ АРЫС, БІЗ БІРГЕМІЗ!

Сыр құрылысшылары жүздеген үйді жөндейді

Ақпарат көздерінен хабардармыз, тауада Арыс қаласына Үкімет басшысы Асқар Мамин бастаған делегация келіп, арнайы мәжіліс өткізді. Осы жылы қаланың 44781 тұрғынына 100 мың теңгеден беру жөнінде шешім қабылданды. Бұл мақсатқа қажетті 4 млрд 478 млн 100 мың теңге қаржының 2 млрд теңгесі республикалық, 1 млрд теңгесі облыстық бюджеттен, қалған қаражат "Түркістан" корпоративтік қорына түскен қаржы есебінен үйлестірілетін болады.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Апаттан зардап шеккендерге еліміздің әр аймағы көмек көрсетуде. Солардың қатарында біздің облыс та бар. Сыр өңірінен 22 мекеме жарылыстан қираған үйлерді қалпына келтіруге кірісіп кетті.

Айта кетейік, қазір Арыс қаласында жағдай тұрақты. Мемлекет тарапынан түрлі әлеуметтік қолдау шаралары қолға алынған.

Қалада орын алған төтенше оқиғаға байланысты құзырлы орындар тарапынан қажетті шаралар қабылданып, алғашқы кезекте атқарылуға тиіс жұмыстар шұғыл қолға алынды. Ел болып жұмылған соң қауіп, қайғы сейіліп, қиындық сәл де болса еңсерілгендей. Бүгінгі таңда жарылыс салдарынан бүлінген үйлерді қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Бұл бағыттағы 17 сектордың да жұмысы қауыр, ертелі-кеш тынбай еңбек етуде. Атап айтқанда, қаладағы 104 көпқабатты, 7200 жеке тұрғын үй қорын жаңғыртуға еліміздің бар ай-



мағы атсалысып отыр. Олардың қатарында қызылордалық мердігер мекемелердің де белсенділігі басым.

Облыстық сәулет, құрылыс, бақылау басқармасының басшысы Марсбек Молдабаевтың айтуынша, біздің өңір құрылыс-

шылары 254 жеке үйді күрделі жөндеуден өткізеді. Сондай-ақ, жөндейтін жарамсыз бір үйді қайтадан салады.

– Қазіргі таңда мұнда жұмыс жасап жатқан 22 мердігер мекеме 4 топ бойынша жасқалып, құрылыс жұмысына қызу кіріскен. Бізге берілгені 16 көше, 254 үй. Айта кетейік, жарылыс кезінде көп үйлердің шатыры бүлініп, есік-терезелері сынған. Жөндей жүргізілетін ғимараттар қатарында тұрғын үйлермен бірге, әлеуметтік нысандар да бар. Құрылыс басында әзірге 30 адам еңбек етуде, алдағы уақытта мұнда 120 адамға дейін тартылатын болады. Құрылысқа қажетті техникалармен толық қамтамасыз етілген. Сәтін салса, бұл жұмыстар межелі уақытта аяқталады деп жоспарланып отыр, – дейді басқарма басшысы.

Айта кетейік, облыстағы "Абусер" ЖШС, "СМП – Қызылорда", "Авангард" ЖШС, "Интегрострой" ЖШС мердігер компаниялары бастаған құрылыс жұмыстары қарқынды.

Иә, Арыс қаласындағы апатты жағдай бір-ақ сәтте берекемізді қашырып, көңілімізге қауіп ұялтқаны рас. Алайда ықылым заманнан ынтымағы бұзылмаған халқымыз бұл жолы да жұдырықтай жұмылып, төтеннен келген қиындыққа қарсы тұра білді. Көршілес конған Сыр өңірінің халқы да қиындыққа ұшыраған бауырластарымызға алғашқылардың қатарында адал ниет, азаматтық қолдау танытып, қамқор қолын ұсынды. Айталық, бүгінге дейін біздің облыстан 10 млн теңгеден астам қаржылай және 39 тонна материалдық (азық-түлік, киім-кешек) көмек берілді. Бұл жұмыстарға облыс кәсіпкерлері, түрлі мекемелер, жекеменшік азаматтар үлкен ұйымшылдықпен үлес қосуда.

■ ӘРЕКЕТ ТҮБІ – БЕРЕКЕТ

Жанақорған ауданына қарасты Жайылма ауылы бақша өнімдерімен таныс. Әсіресе, Жайылманың қарбызы десе, тұтынушылардың тіліне бал үйіріледі. Көктем шыға пленка астына егіліп, таудын таза суымен сугарылған қарбыз ерте піседі. Билл да жайылмалықтар осы дәстүрден жаңылған жоқ. Дикандар ерте көктемнен-ақ, егіншілік шаруашылығына кірісіп кеткен-ді. Міне, өткен аптаның сенбісінен бері көздің жауын алатын қара ала қарбыздар тұтынушыларға жөнелтіле бастады.

Жайылманың қарбызы нарыққа шықты



– Биллғы жылы ауыл дикандары 650 гектарға бақша өнімдерін орналастырған еді, шығымы да жақсы, өнім де мол болатын түрі бар. Бұл – тұрғындарымыздың несібесі. Алғашқы өнімді «Жиделі» шаруа қожалығы Ресейдің Магнитогорск қаласына саудалады. Одан соң «Өтеш» шаруа қожалығы 60 тонна өнімнің Арал қаласына қарай жіберді, – дейді ауыл әкімі Талғат Зейдалиев өз сөзінде.

Иә, өнімді ерте жетілдіріп, нарыққа шығарумен қатар оны дер кезінде саудалай білу де шаруақорлыққа жатса керек. Сондықтан да дикандар егіннің егіп жүріп, оны өткізетін дикандалармен келісімшарт жасасуды да қатар ойластыра бастайды. Бұл – көп жылдардан бері қалыптасқан үрдіс. Осындай іскерлік нәтижесінде ауыл адамдарының әлеуметтік жағдайы жақсарта түскен. Елді мекендегі ірі шаруашылықтардың бірі «Шокмазар» шаруа қожалығы да өзіндегі қарбызды Ақтөбе қаласына жөнелтуге дайындық үстінде.

Аудан басшылығы да ауылдың бақша дақылдарын дер кезінде сатылуына қолайлы жағдайлар жасауда. Осы орайда кент ішінен Жайылманың қауын-қарбызын сатуға арнайы сауда қатары ашылса, Қызылорда қаласының базарында да сауда қызу жүреді. Ал «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодөлізінің тұсында жылдағыдай сауда қатары өткен-кеткен жолаушылардың сұраныстарын өтейді. Алыстан арбаламай-ақ, жақыннан дорбалап, өнімдерін уақытылы өткізіп жүргендер осы тәсілді қолай көреді. Әне, «қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деген аталар сөзінің жүзеге асып жатқандығын осыдан аңғара беріңіз. Көктемнің бір күнін жылға азыққа балап ерте әрекет еткен ұтымайды. Бұл – еңбек етіп, берекені өз күшімен іздейтін заман.

Н. НАЗЫМХАНУЛЫ.
Жанақорған ауданы.

■ КӘСІП ПЕН НӘСІП

Ешкі сүтінің емі көп

Бұл ауылда кәсіпкерлер қатары көбейген. Ауыл деп отырғанымыз Қазалының дәл іргесіндегі К.Шірімов атындағы елді мекен. Өткен жылдары «Бастау-Бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша ауыл тұрғындары оқуға қатысып, өздерінің бизнес жобаларын сәтті қорғап шығыпты. Ауылдық округте бір ауыл шаруашылығы кооперативі мен 70-ке жуық шаруа қожалығы тіркелген. Мал шаруашылығы және жолаушы тасымалымен айналысатын да бірнеше кәсіпкер бар.

Ержан ҚОЖАСОВ.



Ауылдағы осындай шаруашылық жайын күйтетін кәсіпкерлер қатарын Ләззат Бекназар да толтырып отыр. Ол асылтұқымды швейцариялық заанен ешкісін өсіруді қолға алды. Өзгелерден ең алдымен сүттілігімен ерекшеленетін ешкіні алуға мемлекеттік бағдарламаның септігі тигені айтпаса да түсінікті. Ләззат өткен жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесіне қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында грантка қол жеткізіп, осы кәсібін бастап кеткен.

– Өзім ауылдық жерде тұрғандықтан жас кезімнен малдың жайын жақсы білемін. Сондықтан да асылтұқымды ешкі өсіруге ерекше қызығушылық таныттым. Өйткені, Швейцарияның Заанен өлкесінен тараған заанен тұқымдас ешкі ең алдымен сүттілігімен танымал. Ал

ешкі сүтінің адам ағзасына тиігер пайдасы мен емдік қасиеті мол екені көпке мәлім. Тәулігіне 3,5-4 литрге дейін өнім беретін ешкі сүті көп жерде таптыра бермейтін рас, – дейді ауыл тұрғыны.

Бүгінде кәсіпкер келіншек грант арқылы қол жеткізген 750 мың теңгеге асылтұқымды заанен ешкісінің 7 тәлін алған. Жоба бойынша алынған малға қол жеткізген соң кәсіпкерге жем-шөп алу үшін қосымша 75 мың теңге қаржы берілген. Мұның өзі кәсібін енді бастаған жан үшін таптырмас көмек.

Кәзір асылтұқымды ешкілер төлдеп, мал басы біршама көбейген. Ләззат алдағы уақытта қолға алған кәсібін дөңгелентіп әкету үшін өз қаржысының есебінен тағы да 2-3 ешкі сатып алуды көздеп отыр. Себебі, асылтұқымды ешкі сүтінің 1 литрі бізде 500 теңге болса, көршілес Байқоңыр қаласында оның литрі 1000 теңгеден өтеледі. Бүгінде емге ешкі сүтін іздеушілер Ләззатқа жиі қонырау шалады.

– Заанен ешкісінің сүті мың да бір ауруға ем екен. Бұл істі қолға алмас бұрын өлден зерттедім. Тағалай жыл ауырып жүрген жандар ешкі сүтін ішкен соң дертінен айығып, аяққа тұрып кеткенін білгенде қызығушылығым арта түсті. Сондықтан да бұның өнімі қымбат тұрады. Өзім қорада азын-аулақ мал ұстап, сиыр сауып отырмын. Оның сүтінен бастап, құрт-майға дейін базарға өткіземін. Сыр сүтінің литрі 250 теңгеден, май мен құрттың келісіні 2000 теңгеден сатамын. Бұйырса, ешкі сүтінің де құрт-майын да сатам да деп отырмын, – деп алдағы жоспарымен де бөлісті.

■ ОҚЫС ОҚИҒА

Қалаға жақын саяжайлардың бірінде рұқсат етілмеген аумақта шомылған 15 жастағы қыз суға кетті.

Саяжай аумағында суға кетті



Кешкілік уақытта суға түскен ол қауіпсіздік ережесін сақтамау салдарынан тілсіз жаудың құрбаны болған. Төтенше жағдайлар департаментіне қарасты судан құтқару қызметінің мамандары оның денесін жағаға алып шыққан. Осындай оқиға Жанақорған ауданы аумағында да болды. Жерасты суына толған қарьерге суға түскен 1960 жылғы азамат батып кетті. Жыл басынан бері облыс аумағындағы су айдындарында 17 қайғылы оқиға тіркелген. Оның ішінде бесеуі балалар.

– Суға адамдардың қаза болуының негізгі себебі қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан болып отыр. Атап айтсақ, өзен немесе каналдардың ағысы жылдам, терең, жағалары тік жар жерлерінде шомылу, балалардың ересектердің бақылауынсыз суға түсуі, қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтырады, – деді «Оңтүстік өңірлік аэроүткір жедел құтқару жасағы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Бақыт Ембергенов.

«СБ ақпарат».

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 34-сессиясы 2019 жылғы 17 шілдеде сағат 11:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Қызылорда облысы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы туралы есебі.
2. 2018 жылға арналған облыстық бюджеттің ақталуы және жөніндегі есепті бекіту туралы.
3. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2019 жылғы 17 шілдеде сағат 09:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 10:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

Жыл басынан бері облыс аумағындағы су айдындарында 17 қайғылы жағдай орын алды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «Оңтүстік өңірлік аэроуақыт жетекшісі Бектұрғанбаев маусым кезінде су айдындарында, әсіресе, Сырдария өзенінде азаматтардың суға кетуі өзекті мәселе болып отырғанын мәлімдеді.

Шынар БЕКБАН.

Салғырттықтың салдары ауыр



Қайғылы жағдайдың көпшілігі – қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан. Өзен немесе каналдардың кез келген, әрі зерттелмеген ағысы жылдам, терең жерлеріне суға түсуі, балалардың ересектердің бақылаусыз су жағасына баруы мен суға түсуі және олардың жүзе білмегендігі қайғылы оқиғаларға әкеліп соқтырады, – деді Бектұрғанбаев.

1 шілде күні «Сабаляк» саяжайы маңындағы каналда суға түскен 55 жасар азамат тілсіз жаудың құрбаны болды. Оның денесін іздеуге «Оңтүстік өңірлік аэроуақыт жетекшісі» мемлекеттік мекемесінің мамандары тартылды.

Төтенше жағдайлар департаменті барлық ересектерге, ата-аналарға, тәрбиешілерге балаларды қараусыз су айдындарына, каналдарға, өзендер мен көлдерге жібермеуді ескертті. Ересектер де суға өзін-өзі ұстау ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

Бриффинг барысында Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Санд Молдақараев облыстағы өрт мәселесі жайлы айтып өтті.

– 2019 жылдың 6 айында облыс бойынша 247 өрт орын алған, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 23 өрт оқиғасына көбейген. Өрттің басым бөлігі тұрғын үй секторларында орын алуда, – деді ол.

Соңғы күндерде аймақта ауа температурасы 45-47 градусқа көтерілді. Бұл – соңғы 5-10 жылда тіркелген ең ыстық ауа райы. Ауа температурасы тек Арал ауданында ғана 39 градустан асқан жоқ.

Табиғаттың мұндай құбылысы бұдан бұрын Қармақшы ауданында байқалды. 2017 жылы Қармақшы ауданында ауа температурасы 46,7 градусты көрсетті. Одан кейінгі ыстық ауа райы дүйсенбі, 1 шілде күні Қызылордада 46,6 градусқа жетті. Бұл ыстық біздің өңірге Иран аумағынан жеткен жылы ауа массасының әсерінен болып отыр, – деді «Қазгидромет» РМК облыс бойынша филиалының бөлім басшысы Әйгерім Жұкелова.

Атпаптан кейін сынап бағанасы едәуір төмендеп, жайылым сөзіліп тұр. Алайда, мамандардың айтуынша, шілде айының екінші және үшінші онкүндігінде ауа температурасы 45-46 градуска дейін көтеріледі дейін болжам айтып отыр.

ҚАПЕРҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Қауіпсіздікті сақтау өзіңді және отбасыңды қорғайтынын ұмытпа!

Аймақтағы өзен мен каналдарда адамдардың суға кету жағдайы алаңдатып отыр. Бір мезетте екі адамның қаза болу фактілері де орын алған.

Күннің күрт ысуына байланысты суға шомылуға белгіленбеген жерлерде адамдардың суға түсуі көбейген. Бүгінге дейін жазғы суға түсу маусымынан бері қауіпсіздікті қатаң сақтауға ету мақсатында облыста 420 рейд өткізіліп, соның барысында 3093 адамға түсіндіру жұмысы жасалып, 3192 жадына таратылды.

Облыс бойынша 2018 жылғы 225 жерге «Суға түсеуге болмайды!» тарапында ескерту тақтайлары орнатылған болатын. Қазір сол тақтайшадан 157-сі ғана қалған. Өйткені, тұрғындар, әсіресе, жастар осы ескерту тақтайшаларын сындырып, орнатылған жерлерінен алып тастайды. Мысалы, қала бойынша 27 тақтайша орнатылған, бірақ соның 11-і ғана қалған. Тақтайшаларға назар аудармастан суға түсіп, суға бату фактілері орын алуға.

Ағымдағы жылдың 18-маусымындағы рейдте «Қызылорда» және «Қоғам ТВ» телеарнасының журналистері, «Ақмешіт апталды» газетінің тілшілері, қала әкімшілігінің қызметкерлері, Жергілікті полиция қызметінің мамандары қатысты. Қала тұрғындары рейд кезінде «Ягодка», «Пшеница» саяжайлары, «Көксу», «Коптес», «Тасбөгет», «Мерей» аймағы, «Сталин» канал маңы түгел араланды. Осы рейд барысында «Сталин» каналына мас күйінде суға шомылып жүрген 3 азамат судан шығарылып, үйлеріне қайтарылды. Алайда, канал жағасын қайта аралап көру барысында ол азаматтардың канал жағасына мас күйінде қайта келуіне сәйкес оларды полиция қызметкерлері әкімшілік жауапкершілікке тартты.

Департамент қызметкерлері мен жергілікті атқарушы орган, Полиция департаменті, еріктілермен бірлесіп жүргізілген рейдтерде қауіпсіздік ережесін сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жасағанына қарамастан, көпшіліктің оған немқұрайлы қарауы басым болып отыр.

Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлерімен бірлесіп жүргізілген рейдтерде ҚР ӨҚБТК-нің 364-бабының 1-тармағы, 1-тармақ-

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

Органикалық егіншілік – уақыт талабы

Химиялық жолмен өндірілген өнімнен табиғи өнімнің артықшылығы айтпаса да түсінікті. Демек, табиғи өнімге деген сұраныс кемімейді. Келешекте де елімізде органикалық егіншілік басымдылыққа ие бола бермек. Осы орайда Сыр өңірінде қандай шаралар қабылданып жатқаны туралы Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымы, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы Хасый Жамантқовпен әңгімелескен болатынбыз.

– Хасый Жамантқовты, ең бірінші органикалық егіншілікке қатысты түсінік беріп өтсеңіз...

– Органикалық егіншілік дегеніміз – топырақ құнарлығының сапасы мен мөлшерінің жергілікті климаттың небір құбылысына шынығып, тұрақты қалыптасуы арқылы оны түрлі өзгерістерге қарсылық жасайтын жағдайға жеткізетін жаңа жүйе. Топырақ құнарлығын қуралуына себепші жақсы жағдайда өскен өсімдік қалдықтары мен оның жер астындағы тамырлар жүйесі екенін түсінсек, осы органикалық заттардан топырақ шіріндісі қуралатынын, оларды микроағзалар (бактериялар) тіршілік қорына айналдыратынын біліп-түсіну қиын емес. Бактериялар қорегінен өткен шірінділер бұзылмайтын тіршілік тірегі – гумус болатынын ғылым дәлелдеген ұғымды диқан қауымы саналы қабылдаған жөн.

Құнарлық қоры – гумус құрделі қосылысты, тіршіліктің бар болмысына энергия беретін тұрақты толық зарядталған аккумулятор десек, жаңыла қоймаспыз. Гумус энергия көзі ретінде жылда толықтырып тұрғаны дұрыс. Құнарлық қорының органикалық және минералды заттар қосылысынан тұрады. Осы қосылыстардың байланысын нығайтатын және толықтыратын топырақтағы пайдалы әрі белсенді зат – бактериялар. Бактериялардың белсенді тіршілігінен кешенді органикалық-минералды өнімдер туындайды. Осыдан құнарлықтың сапасы мен мөлшерін құрауда микроағзалардың үлесі зор екенін білеміз. Микроағзалар тіршілігінің белсенділігі мен өміршеңдігі топырақ құрамындағы минералдық және органикалық заттардың қорына байланысты. Қазіргі топырақта органикалық заттар керекті мөлшерден аз екендігін оның құрамындағы гумустық заттардың мөлшерінен білуге болады. Біздің батпақты-шалғынды топырақта гумустық заттар бастапқы 1,5-2% мөлшерінен 0,5-1%-ке төмендеген. Ал, Ресей топырағында гумус мөлшері 8-10% деңгейінде.

Сонымен, органикалық егіншілік дегеніміз – егіншіліктің табиғи құрылым жолына бағытталған жаңа жүйе. Ал, топырақтың табиғи жолы ұзақ уақытты қамтиды. Қазіргі біздің тіршілік өте жылдам екені белгілі. Жетіспеген органикалық зат болса, оны компост (органикалық тыңайтқыш) түрінде толықтыруға болады. Себебі, көбінесе ауыспалы егіс дақылдарының қалдықтары топырақ құрамын жеткілікті мөлшерде толықтыра алмай отыр. Органикалық заттар қоры (жонышка тамырлары) бактериялар арқылы тез қорытылатындықтан, топырақты гумустық заттармен қанағаттандыра алмайды. Ол кемістікті компостпен жабуға болатынын Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты



ғылыми жұмыстарымен, патентті жетістіктерімен кезінде дәлелдеді.

– Дәстүрлі егіншілік жүйесі өзгертілмей кала берсе, топырақтың батпақтауы кезіне тірелетіні рас па?

– Органикалық егіншілік жүйесі біртіндеп табиғи жолмен жасалады. Ол үшін бірінші кезеңде ағартқыш қажет. Тіршілігі мол топырақ деп топырақтың үдемелі белсенділігін айтады. Белсенділікті бактериялар жасайды. Топырақта да кір жұғыш мәшиненің басты элементтерін қажетті мөлшерде басу, истену – бәрі топырақта да болады. Бұл – топырақтың батпақтауы кезінде болатын процесс. Ол жағдайлы қалпына келтіру топырақ болмысында тез жүрмейді. Оған уақыт керек. Оны өтпелі кезеңде қалпына келтіреді.

Біз 40 жылдан астам егіске сапасыз тыңайтқыш бердік. Неге сапасыз? Себебі, оның құрамында ауыр металдар қоспасы көп орын алды. Ауыр металдар қоры топырақ құрамында өте көп жиналса, олар өсімдікті улайды. Микроорганизмдер бұндай ортада тіршілігін мүлдем тоқтатады. Микроорганизмдер топырақта көп болса, ауыр металдарды қорытып, пайдалы элементтерге ыдыратырады.

Ал, екінші зиянды фактор – тұздылық. Күріш егілген топырақта тұз қатар түзілетіні заңдылық. Оның мөлшері шамадан асса, зияндылығы да артады. Ауыр металдар топырақты белсенді тіршілігінен айырады. Тұздар өсімдікті өндірмейді, сиретеді, өсірмейді. Себебі, ол өсімдіктер тамырына қоректік элементтерді дер кезінде бергізбейді, өсу ортасын сілтілендіріп улайды. Ауыр металдар

мен тұздарды бейтараптасақ, жер жағдайы жақсарды. Топырақ қайтадан тірі денеге айналады, өсімдіктің өсуіне оңтайлы жағдай жасалады.

Өтпелі кезеңде өңделетін топырақ қабатын ауыр металдар мен тұздылықтан тазартып, бейтараптандырамыз. Сонда топырақ

шыққан өнім шығынды жауып, гектарына 18000 теңгеден астам пайда келтіретіні дәлелденген. Өтпелі кезең жылы кеміген сайын, пайда өсіп ауылдың әлеуметтік жағдайы жақсарып, арта түседі. Органикалық жүйенің ерекшелігі осы.

Өтпелі кезеңдегі жұмыстар негізінде ауыспалы егіс топырағы құнарлығының сапасы да жақсарды. Топыраққа сіңіп, оның құрамын жақсартушы органикалық заттар суды, тыңайтқыш ерітінділерін бойына көптеп ұстайды. Суды үнемдейді және тыңайтқыштың тиімділігін арттырады. Міне, осылай күріштің жоғары өнімі гектарына 65-70 центнер деңгейінде, тек органикалық егіншілік жүйесінде ғана тұрақталады. Ресейге жеткізіп, жетпесіп. Ол әзірге максат емес! Себебі, біздің топырақ өңірі басқа жағдайда қалыптасқан. Біз шөлестік белдеуімізде, Ресей қоныржай климат белдеуінде. Дегенмен, өнім гектарына 65-70 центнерден тұрақты болып, сапасы жоғары болса, бізге осының өзі үлкен жеңіс! Өнімді алдымен осы деңгейге жеткізіп алайық, басқасын содан кейін көрерміз. Сонымен, органикалық егіншілікке көшкен кездегі басты көздеген мақсат, ол топырақ құрамындағы органикалық заттардың мөлшері жергілікті климатқа сәйкес жылыма-жыл жиналып, жалпы өнім құнарлығының мөлшері тұрақты қалыптасуында. Сонда егіс топырағының жаратылысы толыққанды болмысына толық жетеді.

– Басты дақылдымыз – күріш өсірудегі ерекшеліктер қандай?

– Қандай топырақ түрі де күріш өсіргеннен кейін, табиғи болмысын күрт өзгертпейді. Себебі, топырақтың химиялық, физикалық, биологиялық қасиеттері деградация құбылысына ұшырайды. Топырақтың қай түрі болмасын олар күріштік топыраққа айналады. Топырақталдырудың қасиеттерін өзгертетін күш күріш өсіру технологиясындағы су факторы және оның режимі, тағы басқалар.

Су күшті реагент ретінде, табиғи топырақтағы бұрын-соңды қалыптастырылған құнарлық қасиеттерін кемітетінін күндіздікті тіршілікте көріп, біліп, сезініп жүрміз. Оны түсінетін жол – тек органикалық егіншілік жүйесі. Органикалық егіншілік кезінде топырақ жаратылысының қалыптасуы табиғи бағыттағы жолға түсетіндіктен, құнарлықтың, өнімнің, оның сапасының көрсеткіштері жоғары деңгейде құралып тұрақталады. Топырақ болмысына жетік тұрақтанбайынша деградация (ыдырау) белсенділігі кемімейді және ол реттеуге көнбейді. Өнімнің дәстүрлі егіншілікте деп тұрақталмайтынғы сондықтан деп түсінген дұрыс.

Жерді ғылыми жетістіктер арқылы игере білсек, оны табиғи болмысына жеткізсек, Жер-Ана нарықтық экономиканың құйтырғын жағдайына да төтеп беріп, соны табыс әкелетіні сөзсіз. Оның дара жолы қазақстандық «Жасыл экономика» стратегиясы дәлелдеп отыр. Таза биологиялық әдістің химиялық әдіспен салыстырғанда қоршаған орта мен адам денсаулығына зияны өте аз болатынын түсінгеніміз абзал.

– Рахмет!

Әңгімелескен
Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы».

БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Бала денсаулығына дәрігерлер ғана емес, ата-ана да жауапты. Себебі, дәрігер емнің нәтижелі болуы үйдегі күтімге де байланысты. Осы ретте «Умай» үкіметтік емес ұйымы жана жобаны жүзеге асыруды қолға алды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Бала денсаулығы бәрінен маңызды

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «Умай» үкіметтік емес ұйымы жыл аяғына дейін үш жобаны жүзеге асырмақ. Бұл туралы «Прима-парк» бизнес орталығында талқыланды.

– Басты мақсатымыз – медицина қызметкерлері мен ата-ана арасында алтын көпір қызметін атқару. Облыстық денсаулық сақтау басқармасымен әріптестік байланыс орнатып, жыл аяғына дейін үш жобаны жүзеге асырамыз. Атап айтқанда, бронх демікпесі ауруына шалдыққан науқастар үшін «Астма мектебі» оқытушы бағдарламасын енгізу және кан диабетпен ауыратын балаларды қолдау орталығында оқыту және кеңес беру арқылы олардың өмір сапасын жақсарту. Үшінші, өңірмізде балалар мен жасөспірімдер арасында йод жетіспеушілік, темір тапшылығы анемиясын төмендетуге арналған шаралар ұйымдастыру, – деді жоба жетекшісі Анар Ізден.

Балалардың денсаулығын жақсарту тек дәрігерге немесе дәрі-дәрмекке байланысты емес. Бала денсаулығына күтім жасауда ата-ананың ролі зор.

– Аталған аурулар аса күтімді қажет ететіндіктен, ата-ана сауаттылығын арттыру қажет. Бұл жоба нәтижелі болады деген сенімдеміз, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала бөлімінің меңгерушісі Бибизада Дүйсенбаева.

Мәжілісте жобаны жүзеге асыру тиімділігі бойынша мамандар баяндама жасады, бірге талқыланды.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы №802 қаулымен бекітілген «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу және оны Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу қағидаларының 6-тармақшасына сәйкес Қызылорда облысына 2020 жылға арналған шетелдік жұмыс күшін тартуға қажетті ағымдағы жылдың 1 тамына дейін, Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі № 47, 207 каб, байланыс тел: 7242279024 электрондық пошта (b.abdikaykova@korda.gov.kz) қабдыланады.



Облыстық төтенше жағдайлар департаменті.

ЖАЗ ЖӘНЕ ЖАҒАЛАУ

Демалыстың құны қанша?



Жаздың аптабында демалысқа шыққан жұрт жаңа жайлы, табиғаты көркем, ауасы таза жерлерде демалуға бет алады. Сондай-ақ, шетелдерге шығып, теңіз жағалауларында тынығып, тарихи жерлерді тамашалауды жоспарлайды. Бүгінде елімізде демалысын өзге елде өткізгісі келетіндердің қатары жыл санап артып келеді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Қазіргі уақытта барамын деген жағына жол сілтеп, апарып-алып қайту қызметін атқаратын туристік фирмалар көп. Тіпті, жеке тур өткізетіндер бар. Қай елге барам десеңіз де, жол ашық. Тек қалтаңыз қалың болса болғаны. Осы ретте бізде отандық және шет елдік жазғы демалыс орындарымен оған кететін шығындарды бағамдап көрген болатынбыз.

Сонымен, табиғаты мен сұлулығы үйлесім тапқан Түркия еліне демалу құны 66000 теңгеден басталады. Оның ішіне жатар орын, тамағын, барып-қайту билетін кіреді. Оған да өзге қызмет түрін алғыңыз келсе, үстеме ақша төлейсіз. Бүгінде Қызылордадан Түркия еліне ұшатын тікелей рейс бар. Демек, түрік жұртына бару аса қиындық туғызбайды. Ал, тарихымен ерекшеленетін Египет еліне сапар 100-150 мың теңгені құрайды. Көрші қырғыз ағайындардың Ыстықкөлге барып демалғанын білсе, қалтаңызда 50000-200000 теңге көлемінде қаржы болу керек.

Аймақтағы туристік агенттіктің бірі «Орда тур» агенттігіне хабарласқанымызда директоры Әсел Әлиева саяхаттау жайында көптеген ақпаратпен бөлісті. Ол жыл басынан бері қызылордалықтардың Египет пен Түркияға туристік жолдамаға деген сұранысы көбейгенін айтады.

Бүкіл елге сұраныс бар. Еуропа мен Азияға, әсіресе, Түркияға барғысы келетіндер көп. Бірақ мұның барлығы қаржы мәселесіне тіреледі. Түркияны тандаудың бір себебі – ақша үнемдеуге ыңғайлы, екіншісін визасыз 90 күн бойы жүре аласыз. Ал, Мысыр мен

Біріккен Араб Әмірліктерінде аспап ыстық басталғандықтан, жазда ол елдерге демалушылар аз барады. Сондықтан қазір 150 мың теңгенің жолдасын да табуға болады, – дейді Әсел Әлиева.

Осы тұста «Неге өзіміздің елімізде демалмасқа, табиғаты көркем ерекше орындар бізде де бар емес пе?» деген сұрақтың қылаң беретінін жасырын емес. Агенттік директорына жолдап та көрдік. Оның айтуынша, Қазақстанда демалу құны өзге елмен салыстырғанда әлдеқайда қымбаттырақ, әрі оған кіретін қызмет көлемі де аз екен. Мысалы, Сарыағаш пен Манкентке 10 күнге демалу үшін кемінде 100-120 мың теңге керек. Көкшетауда демалу құны орташа есеппен бір күнге 15 мыңнан басталады. Есептей беріңіз, он күнде 150 мың теңге кетеді. Бұл ақшаға сіз шет елде де демала аласыз.

– Рас, отандастарымыз Түркия, Тайланд, Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне барып демалғандар ұнатады. Мына тұрған Өзбекстан мен Қырғызстанға ат басын жиі бұратындар да бар. Алақолден гөрі Ыстықкөлде демалғандар ұнататындардың қарасы тіпті көп. Өйткені, демалуға кететін күн көңілге қонды, виза керек емес, қажет болған жағдайда агенттік өзі дайындап береді. Біздің өлкедегі демалыс орындарына баратындар көбіне үлкен кісілер. Демалып әрі дертіне ем алу үшін агенттік қызметіне жүгінеді, – деді агенттік директоры.

Жалпы, Қазақстан азаматтары Америка, Азия, Тау Шығыс, Африка және ТМД-ның бірқатар еліне визасыз бара алады.

Мәселен, Грузияға визасыз 1 жылға дейін, Арменияда 180 күнге дейін, Албания, Әзербайжан, Беларусь, Колумбия, Коста-Рика, Қырғызстан, Молдова, Монғолия, Намибия, Ресей, Түркия, Украинада 90 күн жүре алатын болса, Аргентина, Барбадос, Бразилия, Индонезия, Оңтүстік Корея, Ливан, Мальдив аралдары, Малайзия, Біріккен Араб Әмірлігі, Сейшел аралдары, Тәжікстан, Өзбекстан, Филиппин аралдары, Эквадор, Сербияда 30 күн демала алады. Ал, Гонконгте 14 күн, Черногорияда жаз мегілінде 1 айға, Тунис және Хайнань аралдарында туристік жолдаманың мерзіміне сөйкес еркін жүре алады.

Десе де, саяхатқа шығар алдында мынаны ескеру керек. Демалуға баратын елді таңдағанда, ең алдымен, адам өміріне, денсаулыққа қауіпсіздік жақтарын ескерген жөн. Саяхатшылар үшін шет елдердегі әртүрлі қауіпті жағдайлар – террористік актілер, жұқпалы аурулар, эпидемия, табиғат апаттары, алаяқтық, ұрлық аса қауіпті. Сондықтан мұны алдын ала бағамдау қажет. Бүгінде виза мәселесінде де еш қиындық жоқ, мұның барлығымен агенттік айналысады. Міндетті түрде агенттікпен келісім-шартқа отыру керек. Сондай-ақ, өзге елге барып, қайта елге жете алмай қалатын жай кездеседі. Мәселен, «Туристік Камкор» корпоративтік қорының мәліметіне сүйенсек, өткен жылы 200-ден астам қазақстандық турист 7 турагенттіктің алаяқтық әрекетінен зардап шеккен. Мұндай орын алмас үшін агенттіктің ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне тіркелгендігіне көз жеткізуді ұмытпаған абзал. Оған қоса туруоператор арқылы шетелге саяхаттауға шыққан азаматтар міндетті түрде туркод пен сакандтыру полисын алуы керек. Себебі, агенттік банкротқа ұшыраған жағдайда немесе демалыс уақытында қиындықтарға тап болса, аман-есен елге оралуына көмектеседі.

ТУРНИР

Қызылорда қаласындағы Мұз айдынының волейбол алаңында ардагерлер арасында ұлағатты ұстаз, волейболшы Тұрғанбек Алтынбековті еске алуға арналған ашық турнир өтті.

Дауылпаз «Динамоның» ізбасарлары



Өмірден өткеніне екінші жылға айналған Тұрғанбек аға 1960 жылдары ел құрамасы сапында өнер көрсеткен, спорт шебері. «Динамо» лақап атымен танылған ол бертінге дейін Сыр өңірі спортшының дамуына ауқымды үлес қосып, шәкірт тәрбиеледі.

Турнирдің ашылу салтанатында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жақсылық Османов, ардагер спортшы Қабаш Пірімжанұлы және облыстық волейбол федерациясы төрағасының орынбасары Бақыт Кенесовтер өткізіліп отырған турнирдің маңызына тоқталды. Ардагер спортшыларға сәттілік тіледі.

Топтық ойындарда өткен бәсеке өте тартысты болды. «Жүйріктен жүйрік озар жарысканда» демекші, өз тобынан шыққан жеңімпаздар тағы да өзара сынға түсті. Үшінші орын үшін болған бәсекеде шиеліліктер Қызылорда командасын айқын басымдықпен еңсеріп, жүлделі орынға табын тіресе, ақтық сында байырғы қарсыластар Байқоңыр командасы мен Жаңақорған ауданының ардагерлері алаңға шықты. Өткен жылғы турнирде де осы екі команда финалда кездескен еді, онда жанакорғандықтарға

сәттілік серік болып, бас жүлдені иемденген болатынды. Бұл жолы күшейтілген құраммен келген байқоңырлықтар жеңіске жетіп, бытырғы кеткен ессен қайтарды. Әсіресе, кезінде облыс құрамасының дамуына ауқымды Куаныш Рақатов сынды белгілі спортшының ойынына көрермендер тәнті болды. Сондай-ақ, қызылордалық ардагер-волейболшы Сабыр Жаңбыровтың қимылы көз сүйсінтті. Жаңақорғандық Әбдібек Әбілсейітов, Жұмахан Нұртазаев, Самат Сопбеков, Шәдібек Накипов, Шиели ауданынан Өтеп Әбдіраманов, Елтай Серікбаев, Батыр Пазылбеков шеберлігі толысқан ойыншы екенін көрсетті.

Волейбол сұлу да сырбаз ойын. Облысымызда осы спорт түрінің негізін қалап, республикада топ жарған ардагер атындағы турнир өзі өмірден өткеннен кейін осымен екінші рет өткізілді. Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар тапсырылды. Турнирге келушілерге ардагер спортшының ұлы Нұрлан Тұрғанбекұлы алғыс айтып, ризашылығын жеткізді. Сонынан ас беріліп, дұға бағышталды.

Нұрмахан ЕЛТАЙ. Қызылорда қаласы.

LATYN QARPIN ÜIRENEMIZ

Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйрету жұмыстарын бастады.

Бұл жоба ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде облыстық ішкі саясат басқармасының «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің негізгі қағидаларын түсіндіру» әлеуметтік жобасы аясында қолға алынды.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйрету техникасын жетілдіреді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Тапсырмаларды дұрыс орындап, e-mail: aqmeshit.jastary@gmail.com электронды поштасына жолдасаныз болады.

Aty-jóni:

Áá

1. Áripti jazýýny.

Á

á

2. Sózderdi oqýnýz. Qajetti áripti jazýýny.

tesh, s, lem, d, ri, d, pter, ke, nshi, s, n, t, lim, igerim, k, sip, p, ter, s, ske, demii, rekett, s, biz.

3. Sólemdi kóshirip jazýýny.

Asem átkenshekte onady.

Árbir bala átkenshekii áserli ekenin atady.

Árqashan átkenshek ony balalarga qyzqytq bolyp qala beredi

4. Sýretterdi sipattap sózben jazýýny.



5. Sýretti sipattañyz.



Бизнес процестер автоматтандырылады

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев агро-неркәсіп кешенін қарқынды дамытуда «Ақылды технологиялар» мүмкіндігін пайдалана отырып, аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталу керек екендігін атап айтқан болатын. Осыған байланысты, қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі «Е-АПК» бағдарламасын әзірледі.

Бағдарлама негізгі 2 бөліктен тұрады. Оның біріншісі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен процестерді автоматтандыруға қатысты болса, екіншісі IT-бизнес пен АОҚ субъектілері арасында өзара іс-қимыл жүйесін құруға арналады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен процестерді автоматтандыруға байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 30 маусымдағы №6-3/597 «Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына бытырғы 22 қазандағы №429 бұйрықпен бірқатар өзгерістер енгізіліп, өтінімдерді қабылдау биылғы жылдан бастап министрліктің «Qoldau.kz» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Ж.МУСТАЯПОВ, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы.

ҚАЗАНҒАП АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МУЗЫКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ ТӨМЕНДЕГІ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША 2019-2020 ОҚУ ЖЫЛЫНА 9-11 СЫНЫП БІТІРГЕН ТАЛАПҚЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ

- 1. 040401 3 Фортепиано
2. 040402 3-2 Ішекті аспаптар (скрипка, виолончель, контрабас)
3. 040402 3-1 Үрлемелі-ұрмалы аспаптар (флейта, гобой, кларнет, труба, фагот, тромбон, саксофон, ксилофон, барабан)
4. 040403 3 Халық аспаптары (домбыра, қобыз, қыл-қобыз, бас-қобыз, шаңырақ, шертпе, бас-домбыра, контрабас-қобыз, домра-прима)
5. 0405000 Хорда дирижерлік ету
6. 0407000 Өн салу (классикалық, домбырамен халық әндерін орындау, эстрадалық)
7. 0408000 Хореография өнері
Құжаттар 20 маусымнан 20 шілдеге дейін электронды түрде College.sitcen.kz сайт арқылы қабылданады. (анықтама тел: 87473397222, 87273397222)
Шығармашылық емтиханлар 21-28 шілде аралығында өтеді.

Қажетті құжаттар: 1. Өтініш; 2. 3x4 сурет (4 дана); 3. Медициналық анықтама 086-У (088-У бар болса); 4. Аттестат. Байланыс телефоны: 27-21-45, 8 701 327 37 79. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, ғимарат 10А

(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының Білім саласындағы бақылау департаментінен 2015 жылдың 13 мамырында №КЗ30ЛА.000004802 лицензиясы берілген)

«Өркениет» медицина колледжі 2019-2020 оқу жылына төмендегі мамандықтар бойынша оқушылар қабылдайды:

- «Емдеу ісі» мамандығы - негізгі орта білім (9 сынып негізінде) 3 жыл 10 ай - жалпы орта білім (11 сынып негізінде) 2 жыл 10 ай
«Мейіргер ісі» мамандығы - негізгі орта білім (9 сынып негізінде) 3 жыл 10 ай - жалпы орта білім (11 сынып негізінде) 2 жыл 10 ай
Емтихан тапсыратын пәндер: 9 сынып негізінде - биология (негізгі пән) - Қазақ тілі 11 сынып негізінде - Биология (негізгі пән) - Қазақ тілі - Қазақстан тарихы
Құжаттар 20 маусымнан 20 тамыз аралығында қабылданады. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64 А. Тел/факс: 8(7242)70-02-88 Ұялы тел.: 8-705-556-48-08

(Қызылорда облысының білім басқармасынан 2011 жылдың 24 маусымында АБ.№0049693 лицензиясы берілген)

Маман қажет

Кірпіш зауытына жұмысшылар қажет. Жалақысы 80 000 теңгеден жоғары. Түскі тамақпен қамтамасыз етіледі. Байланыс тел.: 8-701-335-96-50, 8-777-058-24-69.

«Сыр бойы», «Қызылордискне» вестей, «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басшыларына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjanama@mail.ru

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің ұжымы департаменттің бас маманы Айбек Шайзақұлы Садықовқа анысының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.